

«КЕЛІСЕМІН»

Сырым ауданы әкімінің  
орынбасары

А.Шерғалиев



«БЕКІТЕМІН»

«Қайсар спорт клубы»  
МКҚК директоры

Е.Муканов



## SYRYM HALF MARATHON 2023

### ЕРЕЖЕ

#### 1. ЖАРЫС МАҚСАТЫ

##### Өту мақсаты:

- жүгіруді насихаттау;
- жүгірушілерді халықаралық марафон жарыстарына дайындау;
- зиянды әдеттерден арылу (шылым шегуден бас тарту);
- салауатты ұлтты қалыптастыру.

#### 2. ЖАРЫСТЫҢ ЖЕТЕКШІ ҰЙЫМДАРЫ

2.1. Жалпы жетекшілікті Сырым ауданының әкімдігі

2.2. Жарысты дайындауды және өткізуді ұйымдастыру комитеті - (әрі қарай - Ұйымкомитеті)  
«Қайсар спорт клубы» МКҚК жүктеледі.

#### 3. ЖАРЫСТЫҢ ӨТЕТІН ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ

3.1. Жарыстың өтетін күні мен уақыты: 8 мамыр 2023 ж; сағат 7:00 бастап 11:00 дейін

3.2. Өтетін орны: БҚО, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы.

10 км және жартылай марафон қашықтығы және жарыс сөресі: Орталық алаң және  
Жымпиты ауылының негізгі көшелері;  
Барлық қашықтықтар мәресі: Орталық алаң,

#### 4. ҚАШЫҚТЫҚТАР ЖӘНЕ ЖАС САНАТТАРЫ

4.1. Жарыс бағдарламасына енгізілген қашықтықтар:

- Жартылай марафоны - 21 км; ( 5 км төрт рет айналу).
- Жүгіру жарысы – 10 км; (5 км екі рет айналу ).
- Көпшілік жүгіріс – 3 км;

4.2. Жас санаттары:

- Жартылай марафонның жас санаттары (21 км): 18 жастан жоғары;
- 10 км жүгіру жарысының жас санаттары: 13 жастан жоғары;
- 3 км жүгіруден жас санаттары: Шектеусіз; (оқушылар, мекеме қызметкерлері, ардагерлер).

#### 5. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

5.1. Сырым жартылай марафонына Батыс Қазақстан облысының тұрғыны мен мейманы қатыса алады.

Жарысқа қатысуға төмендегілер әуесқой спортшылар жіберіледі:

- Жартылай марафон (21км) – 18 жас және одан үлкен қатысушылар;
  - Жүгіру жарысы (10км) -13 жас және одан үлкен қатысушылар;
  - Көпшілік жүгіру (3 км) – 13 жасқа дейінгі, колледж студенттері, 60 жастан жоғары және мекеме қызметкерлері;
- 5.2. Жартылай марафон (21 км) мен Жүгіру жарысына (10 км) қатысушылардың саны шектеулі.
- 21 км – 60 қатысушы (45 ер; 15 әйел)
  - 10 км – 90 қатысушы (70 ер; 20 әйел)
- 5.3. Бір мезетте бірнеше қашықтыққа жүгіру жарыстарына қатысуға тыйым салынады.

## **6. ЖАРЫСТАРДЫ ӨТКІЗУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫНДАР**

- 6.1. Жарыстарды ұйымдастыру және өткізу шығындарын Ұйымкомитеті көтереді.
- 6.2. Жол, орналасу және тамақтану шығындарын іссапаға жіберетін ұйымдар немесе қатысушылардың өздері көтереді.

## **7. ЖЕҢІПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ**

- 7.1. Әйелдер мен ерлер арасындағы қатысушыларды **21 км жартылай марафон және 10 км жүгіру жарысында тек абсолютті біріншілікте 1-3 орындар марапатталады.** Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге диплом, медаль және қаржылай сертификат беріледі. Жеңімпаздары жас санаттары бойынша марапатталмайды.
- 7.2. Мәреге дейін жеткен барлық қатысушыларға мәреші(финишер) медалі беріледі.

## **8. ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУҒА РҰҚСАТ БЕРУ ТАЛАПТАРЫ**

- 8.1. Orgeo.ru сайтында жарысқа қатысушылар 2023 жылдың 15 сәуірінен бастап онлайн тіркеле алады. Тіркеу 2023 жылдың 7 мамырға дейін немесе тіркелген қатысушылар саны толғанға дейін жүзеге асырылады.
- 8.2. Онлайн тіркеуден өткен қатысушы ғана жарысқа нақты жарысқа тіркелген болып есептеледі.
- 8.3. Сөре жинақтары (номер, чип) 30 сәуір сағат 10:00 бастап 20:00 дейін беріледі.
- Назар аударыңыз!** Сөре жинақтары басқа күндері берілмейді.
- 8.4. Қатысушы жинағын алу үшін төменде көрсетілген құжаттар болуы міндетті:

### **15-нан 18 жасқа дейінгі қатысушылар үшін:**

- Жеке куәлік көшірмесі (туу туралы куәлік көшірмесі);
- Ата-ананың (екеуінің) жарысқа қатысуға рұқсат беру туралы қолхаты;

### **18 жас және одан үлкен қатысушылар үшін:**

- Жеке куәлік көшірмесі;

### **8.6. Сөре нөмірі жоқ қатысушылар жарысқа қатысуға жіберілмейді.**

- 21 км қашықтықты еңсеруге берілген уақыт шектеуі – 3 сағат 00 минут
- 10 км қашықтықты еңсеруге берілген уақыт шектеуі – 2 сағат 00 минут

## 10. НӘТИЖЕЛЕРДІ САНАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ

10.1. Жүгіруге қатысушылардың нәтижесі **Sport I dent** электрондық жабдығы арқылы алынады. Жүгіру жарысының жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысушының мәре уақыты бойынша анықталады.

10.2. Төрешілер жарыс ережелерінің сақталуын, спорттық доданың әділ және дұрыс жүргізілуін, ал жеңімпаздың объективті түрде анықталуын мұқият бақылайды

10.2.1. Төрешілер алқасына төмендегілер кіреді:

- **Жарыстардың бас төрешісі**

*Бас төреші жарыстар* өткізілетін орынның дайындығын алдын ала тексереді, төрешілердің жекелеген жұмыс аймақтары бойынша үлестіреді және олардың өз міндеттерін орындауын бақылайды. Жарыстар аяқталған соң бас төреші іс-шара туралы есеп құрады және онымен қоса жарыстар нәтижелерін Ұйымкомитетіне ұсынады.

- **Жарыстардың бас хатшысы**

*Жарыстардың бас хатшысы* хаттамаларды өңдейді және нәтижелерді шығарады, төрешілерге, қатысушыларға және көрермендерге сөрелердің барысы туралы уақтылы ақпарат беру үшін қажетті материалдарды құрастырып, соңында нәтижелер бойынша жалпы есебін шығарады.

- **Сөре-мәре аймағының төрешілері**

*Сөре-мәре аймағының төрешілері* сөре кезінде ережелердің сақталуы және ешкімнің артықшылықтарға ие болмауы үшін спортшылардың қашықтыққа сәйкестігін қадағалайды. Төрешілер мәре түзуінде алғашқы 10 мәрешіні мәре хаттамаларына белгілейді. Хаттамалар нәтижелерді электронды жүйесімен салыстыру үшін бас төрешіге беріледі.

## 11. ЖАРТЫЛАЙ МАРАФОННЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

11.1. Жүгіру жарысы жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау IAAF («IAAF жалпы ережелері») ережелеріне сай келу фактісі бойынша жүзеге асырылады;

11.2. Ресми қорытынды іс-шара аяқталған соң 30 минут ішінде жарияланады.

11.3. Жарысқа қатысушының нәтижелері сөре нөмірі дұрыс тағылған және мәре станциясына чиппен белгіленген жағдайда ғана тіркеледі. Сөре нөмірі анық көріну керек, сөре нөмірін жарысқа қатысушының кеудесіне тағу қажет;

11.4. Жарыстардың Ұйымкомитеті төмендегі жағдайларда әрбір қатысушының жеке нәтижеге ие болатынына төмендегі жағдайларда 100% кепілдік бере алмайды:

- Чиптің дұрыс тағылмауы;
- Қатысушы басқа қатысушының чипімен жүгірген жағдайда;
- Төрешілер алқасының шешімі бойынша жарыстан шығару.

## 12. АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

12.1. Іс-шара туралы толық ақпарат сайтында, сондай-ақ Сырым ауданының ресми әлеуметтік желілердің аккаунттарында көрсетіледі:

Басқа ақпараттық ресурстардағы ақпарат үшін Ұйымкомитеті жауапкершілік көтермейді.

**Осы ереже жарысқа қатысуға ресми шақыру болып табылады.**

## 13. БАЙЛАНЫС

Сырым жартылай марафонының ұйымдастыру алқасының байланыс телефондары;

Бас төреші – 8 777 418 77 30 Бауыржан Ихсанов

Бас хатшы – 8 705 150 46 46 Жасқанат Есламғалиев

Сырым ауданы «Қайсар спорт клубы» МКҚК – 8 (711 34) 31 4 73

## СЫРЫМ ЖАРТЫЛАЙ МАРАФОНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Уақыт	Шара
07.30 – 08.00	Сөре қалашығының ашылуы, жұмыстың басталуы,
08.00 – 08.20	Қатысушылардың сөре аймағында қатарға тұруы
08.30	21 км (жартылай марафон) қашықтыққа жарыс сәресі
09.00	10 км Жүгіру жарысының сәресі
10.20 - 10.40	Ойын-сауық бағдарламасы/мәреге жеткен қатысушыларды қарсы алу
10.00 - 10.40	10 км қашықтыққа жүгіру жарысы жеңіпаздары мен жүлдегерлерін жас санаты бойынша марапаттау
10.40 - 11.00	21 км абсолютті қашықтыққа жүгіру жарысы жеңіпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау
11.00	Мәре аймағының жабылуы.